



### САРАПТАМАҒА СЕНІМ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ДАРАЛЫҚ ПЕН ДАНАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

7-БЕТ | ТҰЛҒА



### ӘЛЕМДІ МЕЙІРІМ ҚҰТҚАРАДЫ

8-БЕТ | ҚОҒАМ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ:

ӘЛ-ФАРАБИ ЗАМАНЫНАН БЕРІ ТҰТАС ДӘУІР, АБАЙ ҚОҒАМЫНАН БЕРІ ҒАСЫРДАН АСТАМ УАҚЫТ ӨТТІ. БІРАҚ ҰЛЫЛАРЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ӨЗЕКТІ. ДАЛА ДАНЫШПАҒДАРЫ – ӘРДАЙЫМ БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ СІЛТЕЙТІН АЙНЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ. ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨСИЕТІНЕН, ӨНЕГЕСІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ. ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ ПЕН КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІ ҰШТАСТЫРУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ. ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛЫҚТАП, ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАНЫТУ – БІЗДІҢ БҰЛЖЫМАС САЛТЫМЫЗ. БҰЛ МЕРЕЙТОЙЛАРДЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН АСТАСЫП ЖАТЫР.

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

30

№66 (4190) Сейсенбі 8 маусым 2021 жыл

NurSultan

# ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КУРСТАН ӨТЕДІ

Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 2021 жылы 200 елордалықты кәсіптік білім беру, қайта даярлауды қамтитын оқытуларға жіберу жоспарланып отыр.

Курстар кондитер, тігінші, наубайшы, аспаз, электромонтёр, кран машинисі, электргаздәнекерлеуші, слесарь-сантехник, шаштараз, кассир бақылаушы, тәрбиеші, тәрбиеші көмекшісі, тігінші мамандықтары бойынша жүргізіледі. Қалалық Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыз азаматтарды наубайшы, аспаз, шаштараз, электромонтёр, слесарь-сантехник мамандықтары бойынша қысқа мерзімді курстардан өтуге шақырады. Бағдарлама қатысушыларына оқу кезеңінде 21787 теңге мөлшерінде шәкіртақы төленеді. Сондай-ақ қысқа мерзімді кәсіптік оқу бағдарламасына мүгедектігі бар азаматтар да қатыса алады. Солардың бірі Ринат Реймер – 3-топ мүгедегі қоғамдық тамақтану және сервис колледжінде «наубайшы» мамандығы бойынша оқудан өтуде. Ол оқуын аяқтағаннан кейін «Балжидек» ЖШС-ке жұмысқа орналасуды жоспарлап отыр.

# ӘРІ ТЫНЫҒАДЫ, ӘРІ ШЫНЫҒАДЫ

Елорда оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру шаралары – қала әкімдігінің басты назарында. Қазір қалада 32 аула клубы бар. Бұл шамамен 3 мыңнан астам баланы қамтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушыларды белсенді демалысқа тарта отырып, олардың білімін шыңдауға да басымдық беріледі. Бұл жайында қала әкімі Алтай Көлгінов Instagram-дағы ресми парақшасында баяндады.

2



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

## 87 МЫҢ ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда өзін-өзі оқшаулау режимін бұзған азаматтарға айыппұл салынады.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті хабарлағандай, коронавирус инфекциясымен ауыратын науқастар мен байланыста болған адамдар үшін оқшауланудың міндетті режимін көздейтін санитарлық ережелер бекітілді. «Осы талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жаза көзделген. Ереже 2021 жылдың 10 маусымында күшіне енеді» делінген хабарламада.

Мемлекеттік мекеме карантинді бұзған және айналасындағыларға жұқтыру қаупін әдейі жасаған адамға 30 АЕК немесе 87510 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынатынын жеткізді. Карантин бұзушылар Ashyq көмегімен анықталады. Атап айтқанда, жүйе қоғамдық нысандарға барған кезде «қызыл» мәртебесі бар адамдарды анықтауға мүмкіндік береді.

## 123 МЫҢНАН АСТАМ ТАЛАПКЕР ҰБТ ТАПСЫРДЫ

Білім және ғылым министрлігі хабарлағандай, кеше 123 мыңнан астам талапкер 51 тестілеу пунктінде ҰБТ тапсырды. Оның ішінде 92458 түлек тестілеуді қазақ тілінде, 30967-сі орыс тілінде, 263-і ағылшын тілінде тапсырды. Ең жоғары балл – 140.

224 түлек тестілеуге кіргізу кезінде аудиторияға тыйым салынған заттарды алып кіруге тырысқаны үшін ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу ережелерін бұзғаны үшін аудиториядан 563 адам шығарылып, олардың тест нәтижесі жойылды. Ұлттық тестілеу орталығы талапкерлерді тек өз күшіне сеніп, академия-

лық адалдық ережелерін мүлтіксіз сақтауға шақырады. Сондай-ақ әрбір тестіленушінің қимыл-қозғалысы ахуалдық орталықта «бір тестіленуші – бір камера» қағидаты бойынша бақыланатынын ескертеді. ҰБТ-ға кіргізу кезінде 9 түлектің дене қызуы көтерілді. Олар ҰБТ-ны басқа күні бөлек тапсырады.



















ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №65 (4189) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Terі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains rows 3662 to 3741.

Table with columns: 3742, 3743, 3744, 3745, 3746, 3747, 3748, 3749, 3750, 3751, 3752, 3753, 3754, 3755, 3756, 3757, 3758, 3759, 3760, 3761, 3762, 3763, 3764, 3765, 3766, 3767, 3768, 3769, 3770, 3771, 3772, 3773, 3774, 3775, 3776, 3777, 3778, 3779, 3780, 3781, 3782, 3783, 3784, 3785, 3786, 3787, 3788, 3789, 3790, 3791, 3792, 3793, 3794, 3795, 3796, 3797, 3798, 3799, 3800, 3801, 3802, 3803, 3804, 3805, 3806, 3807, 3808, 3809, 3810, 3811, 3812, 3813, 3814, 3815, 3816, 3817, 3818, 3819, 3820, 3821, 3822, 3823, 3824, 3825, 3826, 3827, 3828, 3829, 3830. Contains rows 3742 to 3830.

Table with columns: 3831, 3832, 3833, 3834, 3835, 3836, 3837, 3838, 3839, 3840, 3841, 3842, 3843, 3844, 3845, 3846, 3847, 3848, 3849, 3850, 3851, 3852, 3853, 3854, 3855, 3856, 3857, 3858, 3859, 3860, 3861, 3862, 3863, 3864, 3865, 3866, 3867, 3868, 3869, 3870, 3871, 3872, 3873, 3874, 3875, 3876, 3877, 3878, 3879, 3880, 3881, 3882, 3883, 3884, 3885, 3886, 3887, 3888, 3889, 3890, 3891, 3892, 3893, 3894, 3895, 3896, 3897, 3898, 3899, 3900, 3901, 3902, 3903, 3904, 3905, 3906, 3907, 3908, 3909, 3910, 3911, 3912, 3913, 3914, 3915, 3916. Contains rows 3831 to 3916.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like ПЛЕГЕНОВА, АМИРГАЗИНА, ШАУКЕКОВА, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like АХМЕТОВА, ДИХАНБАЕВА, ФОМИНА, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include entries like СКЕНДИРОВА, НУРАСИЛОВА, РЯЗАНОВА, etc.

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains a list of names and dates, including entries like 4152 ТУРГУМБАЕВ ЖАНАТ, 4153 УТЕГЕНОВ АРТУР, 4154 КАЛИЕВА ДАМЕЛИ, etc.

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains a list of names and dates, including entries like 4210 УСКЕМБАЕВА ГАЛИЯ, 4211 АСАНОВА ТАМАРА, 4212 ИДРИСОВА БАНУ, etc.

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Contains a list of names and dates, including entries like 4230 АРИНБЕКОВ КАРИМ, 4231 СЕМБАЕВА АЙНУР, 4232 ЖАКЕНОВА НАГИМА, etc.

(Жалғасы бар)

# ДУАТЛОН ДОДАСЫНА ТҮСТІ

### Елордадағы Ботаникалық бақта халықаралық Олимпиада күніне арналған шара өтті.



Жарысты Nomad TriClub Iron Qazaqstan, Триатлон Федерациясы, Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігі, әкімдіктің бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы, Nur Otan партиясымен бірлесіп өткізді.

Шараның ашылу салтанатында қалалық триатлон федерациясының президенті Ержан Біржанов, Nomad TriClub Iron Qazaqstan директоры Талғат Ісмағамбетов сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Дуатлон екі кезеңнен тұрды: жүгіру және велосипед тебу. Жүгіру бақ ішіндегі үлкен шеңберде 6 км/2 айналымнан тұрды. Велосипед тебу – бақтың айналасындағы 23 км/5 шеңбер. Айта кетсек, дуатлонға қатысу құны 5 мың теңге болса, оған қатысушылар саны 50 адамды құрады. Олардың барлығы дуатлонға зор дайындықпен келген.

«Мен спортқа өте жақынмын. Сондықтан осындай дуатлонның ұйымдастырылатынын білген кезде ерекше куандым. Қатысқаным еш өкінбеймін» деді қатысушылардың бірі Нұрғұл Нұрланқызы.

Жеңімпаздар алғыс хат және медальдармен марапатталды.

**Жәніл ҚҰТТЫБАЙ,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

# ЖАСТАР СПОРТҚА ЖАҚЫН БА?

### Бас қалада «Жастар салауатты өмір салтын қолдайды» атты спорттық дода ұйымдастырылды. Шара барысында «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері спорт саңлақтарынан сабақ алып, кір тасын көтеруден өзара бақ сынасты.

2018 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тәрбиесін дамыту мақсатында еліміздің барлық бастамасымен жастардың әскери-патриоттық өңірінде «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-па-

триоттық қозғалысы құрылды.

Бұл бастаманы жүзеге асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің тікелей қолдауымен «Жас сарбаз» қозғалысының филиалы құрылып, қарқынды түрде жұмыс атқаруда. Бүгінде елордамызда 90 мектеп пен 35 колледжде «Жас сарбаз» сыйыптары мен клубтары құрылып, тәрбиеленушілер саны 7000-нан асып отыр.

# ЖЕҢІМПАЗ ОТБАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

### Елордада «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының ұйымдастыруымен халықаралық отбасы күніне орай «Біз – бақытты отбасымыз» атты қалалық бейнероликтер байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Конкурсқа Нұр-Сұлтан қаласының мектепке дейінгі мекемелерінен – 16, мектептерден – 71, колледждерден – 13, барлығы 90 отбасы қатысты. – Бүкіл әлемді жайлаған пандемия кезеңінің алғашқы кездері барлығымызға ауыр болғаны шындық. Біз сол қиын-қыстау кезде ата-аналармен жұмыс жүргізіп, онлайн түрде семинарлар өткізіп тұрдық. Әртүрлі отбасылармен жұмыс жасап, қашықтан байланыс жасау арқылы осы сайысты былтырдан бері қолға алған болатынбыз. Ол кезде 17 отбасы қатысты. Бұл бастамамыз өте жақсы қолдау тауып, биыл сайысқа 90 отбасы қатысуда. Сол 90 отбасының ішінен оза шапқанын анықтап, барлық критерий бойынша сараптаған кезде 32 үздік бейнероликті таңдап алдық. Олардың ішіндегі 10 отбасын бүгінгі марапаттау рәсіміне шақырдық. Отан – отбасынан басталады. Биыл – Тәуелсіздігімізге 30

жыл. Мемлекетіміз мықты болып, өркендеп дамуына әрбір отбасының үлесі бар деп ойлаймын. Себебі отбасы – шағын мемлекет. Әрбір отбасы бақытты болуға лайықты, – деді «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы директорының орынбасары Гүлбақыт Буралиева.

Қатысушылар берілген уақыт ішінде отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді, отбасы ынтымақтастығын, мәдениетті қарым-қатынасты көрсете білді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының бас жұлде, I, II, III орын дипломдарымен марапатталды және «Go-Make» ҚҚ-ның қолдауымен қаржылай сыйлықтарға ие болды.

Диана БАТЫРБЕК,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

# ҚАРТТАР ҚОҒАМНАН АЖЫРАМАУЫ ТИІС

### Елордадағы Қарттар үйінде мемлекеттік қызмет көрсету шарасы өтті. Шараға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті, Халыққа қызмет көрсету орталығы мен әкімдік өкілдері қатысты.

«Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына келіп отырмыз. Осында 300-ге жуық адам тұрады. Яғни, олар – мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен қариялар. Қарттарымызға зейнетақы тағайындау, цифрлық қолтанба алу немесе тұрағын жері бойынша тіркелу сияқты қызметтерді алу бойынша көмек

көрсеттік, – деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің басшысы Жандос Сәрсен.



7 маусым күні 70 жасқа қараған шағында аяулы жар, қамқор әке, ардақты ата Ахметов Бектас Қасембекұлы мезгілсіз дүниеден өтті. Бар саналы ғұмырын ел игілігі үшін қажырлы еңбекке арнаған Бектас Қасембекұлы «Қазақстан темір жолы» саласында еңбектеніп, адал да, үлгілі жолдан өтті. «Құрметті теміржолшы» атаңды. Мемлекеттік қызметте қызмет істеп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бектас Қасембекұлы жас ұрпақ тәрбиесіне көп уақытын арнады. Жас әріптестеріне тәлім-тәрбие беріп, ақылшысы болды, ата-анасының арқа тірегі, балалары мен немерелеріне үлгі болды. Оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі қалады.  
**Ахметовтер отбасы**

Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы бірінші проректор, психология ғылымдарының кандидаты, профессор Исмаилов Амангелді Жақсылықұлына анасы **Қауар Исабекқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

